


# Франциядағы жоғары білім беру жүйесі



Франция білім жүйесін Францияның Білім министірлігі, біріккен система бойынша ұйымдастырып іске асырады.
Францияның білім беретін ұйымдарын, олардың менеджментін Білім Министрлігі және Жоғарғы Ғылым Министрліктері атқарады. Бұл барлық білім жүйесінің ұйымдастырлуы немесе мектепке дейінгі білімнен жоғарғы білім игеруге дейінгі қызметке жауапты деген сөз. 1982- 1983 және 2003- 2004 жылы заңмен жергілікті билік ұйымдарына шектеулі билікті берген. Үкімет білім саласында мына биліктерді (бағдарлама, мектеп күнтізбесі, ресми қызметкерлер, ұстаздар жалақысы, материалдық мүмкіндіктермен ( үй, жатахана, асхана, оқу, автобус) халықты жаппай сауатты болғызу үшін заң жүзінде аудандық колледж, лицей мектептеріне қаржылай көмек көрсету сияқты іс қызметтерді атқарады.

# Франциядағы білім беру жүйесі

| Франциядағы білім беру деңгейі | Программасы | Жас ерекшелігі |
|---|---|---|
| Мектепке дейінгі | ecoles maternelles | 6 жасқа дейін |
| Бастауыш сынып | L'école élémentaire | 6-11 |
| Орта білім | collège | 11-15 |
| Жоғарғы сынып | lycée | 15-18 |
| Жоғарғы білім | | 18-23 |

**Страсбург университеті (немесе Страсбурлік университет) – 1621 жылы негізі қаланған Францияның байырғы университеттерінің бірі. 1971 жылдан Страсбург университеті өз ішінен 3 үлкен университетке бөлінді.**





**Луи Пастер атындағы Страсбург университеті (Universite Louis Pasteur)** медицина факультеті, жаратылыстану ғылымдары, Жер туралы ғылым факультеті, математика бөлімі, физика институты, Жер физикасы, химия, физиология және биохимия, ботаника, зоология және жалпы биология, геология, геофизика, астрономиялық обсерватория және 2 ғылыми колледж бар. Бұл университет Еуропа зерттеу университеттері лигасының мүшесі болып табылады.



**Марк Блок атындағы Страсбург университетінде (Universite Marc Bloch)** 10 факультет жұмыс жасайды. Олар: Өнер, тарих ғылымдары, филология, лингвистика және қолданбалы ғылым, әлеуметтік ғылым, спорт ғылымдары, католиктік және протесттанттық дін. Бұл университет халықаралық аренада гуманитарлық саладағы зерттеу орталықтарымен тығыз байланыста.

**Робе́р Шума́н атындағы Страсбург университеті (Universite Robert Schuman)** 160 салада арнайы мамандықтарды дайындайды. Олар: құқық факультеті және экономика ғылымы, құқық институты және салыстырмалы экономика, заңмен зерттеу, қылмыстық-түзету ғылымы, еңбек, халықаралық меншікті өнеркәсіптік зерттеу орталығы.
2009 жылдан бері үш университеттің қосылуы жөнінде әңгімелер айтылып келеді. Халықаралық дәрежедегі жоғарғы беделі үшін және халықаралық жүйеге дайындық ретінде тек бір ғана ***Страсбург университеті*** болып атану жолдары қарастырылуда.
Ғылыми қызметкерлерінің арасында – химия саласында бір Нобель сыйлығының лауреаты, 17 академик, Еуропалық зерттеу кеңесінің 8 ғылыми қызмтекері бар.
Қазіргі кезде университетте жалпы саны 42 000 мың студент бар. Оның 21%-ы шет ел студенттері.



# Нант университеті



**Нант университеті** — Франциядағы студенттер саны бойынша екінші орында саналады (Париж I университетінен кейін). 2005–2006 жылдары мұнда 33000 студент оқыған.
***Нант университеті 1460 жылдың 4 сәуірі күні Франциск II Бретонскийдің бастамасымен құрылды.*** Studium generale формасында құрылған университет сол кездегі бірнеше мамандықтарды оқытатын еді. Олар: теология, канондық құқық, азаматтық құқық, медицина және өнер. Құқық факультеті король шешімі бойынша 1735 жылдың қазанында жабылады. 1793 жылдың тамызында университет мүлдем жабылып қалады. Оны бірнеше басқа жоғары мектептер алмастырады.
1961 жылы университет өз жұмысын қайта бастайды. 1962 жылы жаңадан үш факультет қосылады: нақты ғылымдар, гуманитарлық ғылымдар және құқық.





***Нант университетінің факультеттері мен жоғары мектептері:***

- Құқық, экономика және басқару факультеті заң факультеті) Faculte de Droit et Sciences economiques et de gestion (Faculty of Law).
- Денсаулық сақтау факультеті (медициналық факультет) Faculte de Sciences (Faculty of Sciences).
- Жаратылыстану ғылымдары факультеті (Faculte de Sciences).
- Тілдер факультеті (Faculte de Langues).
- Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті (Faculte de Lettres et Sciences Humaines).
- МСК (IUT).
- Жоғары политехникалық мектеп (Ecole Polytechnique de Nantes).

Университет дипломдары:

- DU (Diplôme Universitaire)
- BTS (Brevet de technicien supérieur)
- DUT (Diplome Universitaire de Technologie) выдаётся в Instituts Universitaires de Technologie (IUT)
- DEUST (Diplome d'etudes universitaires scientifiques et techniques)
- Licence 1, 2, 3
- Licence Professionnelle
- Magistère
- Master 1, Master 2 Professionnel и Master 2 Recherche
- Mastère Spésialisé (MS)
- Diplômes des Instituts d'Administration des Entreprises (IAE)
- Doctorat (Docteur ès sciences)



**Париждегі Сорбонна университеті** - Франциядағы тегін жоғары білім беретін ең ежелгі мемлекеттік оқу орны. Сорбонна университетінің тарихы сонау 1253 жылдан басталады. Сенаның сол жағалауындағы Құдай-ана Соборының маңындағы шіркеу колледждері сол жылдары Париж университеті болып біріккен болатын. Шамамен 40 жылдан кейін діни монарх Людовик IX Роберт де Сорбонның бастамасымен жоғары оқу орны жанынан кедей отбасыларынан шыққан студенттерге діни білім беруге арналған колледж ашылған. Кейіннен колледж университеттің Сорбонна деп аталған дін факультетіне айналады.

– PANTHÉON - SORBONNE –
UNIVERSITÉ PARIS 1

XYIII ғасырда кардинал Ришелье Сорбоннаны жаңартып кеңейтті. Алайда 1791 жылы Француз төңкерісінен кейін ол жабылып қалды да, тек 1821 жылы өз жұмысын қайта бастады.
Әр жылдары мұнда Жозеф Гей Люссак, Луи Пастер, Антуан Лавуазье, Пьер және Мари Кюри және тағы басқа әйгілі ғалымдар дәріс оқыды. Бүгінде Еуропадағы беделді жоғары оқу орындарының бірі саналатын Сорбонна университетінде жүз жиырма мың студент білім алады. Француз тілін үйрету және түрлі өркениеттерді танып білу - Сорбонна университетінің негізгі бағыты. Бұл университетті Қазақстанның көрнекті лингвист-ғалымдары Т.Б. Айтжанов және В.М.Шварцман бітірген.



# Назарларыңызға рахмет !!!



6M011000 – физика

Орындағандар:
Усенова А.
Тұрманбетова А.